

**ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ ХАРАКТЕР ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ,  
ОБРАЗОВАННЫХ ОТ НАИМЕНОВАНИЙ ЧИСЕЛ В КАЗАХСКОМ  
И КЫРГЫЗСКОМ ЯЗЫКАХ (В ОТНОШЕНИИ КОЛИЧЕСТВЕННЫХ ЕДИНИЦ)**

*С. А. Жиренов*

---

Рассматривается этнокультурный характер фразеологизмов, образованных от разнообразных наименований в казахском, кыргызском языках.

*Ключевые слова:* антропологическая парадигма; антропоцентрическое направление; фразеологизм; национальная ценность; этнос; этнокультура; языковая единица.

Түл бүлүмүндө соның үшүндө түркологиялык кеңүстүктө казак-кыргыз түлдерүн салыстыра зерттеу мәселесү бүршама жолға койылған. Алайда, XX ғасырдың соңы мен XXV ғасырдың бастапкы жылдарынан берү дами бастаған түл бүлүмүнүң антропологиялык парадигмаға бетбүру үрдүсү “адам-түл-мәдениет”, “адам-түл-ойлау”, “этнос-түл-таным” секүлдү триадаларға негүзделген гуманитарлық зерттеулер жекелеген түлдердү зерделеуде күнды дүниелерге кол жеткүзгенүмен, генетикалық жақын түлдердү өзара салыстыра қарастыру үсү қалтарыста қалып қойып жүрген жайы бар. Түл бүлүмүндегү бұған дейүнгү салыстырмалы зерттеу жұмыстары құрылымдық-мағыналық бағытпен ға-

на шектелүп келсе, бүгүнгү таңдағы антропоцентристүк бағыттағы зерттеулер туыстас түлдердү салыстыра зерттеуде күнды ұлттық-мәдени-танымдық деректердү дүниеге әкелуде. Антропоцентристүк парадигмаға негүзделген салыстырмалы зерттеулер түлдү, түлдүк бүрлүктердү, фразеология түркестердү, паремеологизмдердү адами факторлармен, ұлттық күндылықтармен сабақтастыра қарастыру қазүргү түл бүлүмүнүң басым бағыттарының бүрү. Түл бүлүмүндегү антропоэлектүк бағыт аясында шығып жатқан ғылыми зерттеулерде адами факторлар мен ұлттық күндылықтарға ерекше мән берүлүп, ұлттық күндылықтарға қатысты мәдени-танымдық деректерге баса назар ау-

дарылып, түлдің мағыналық, ұғымдық, мәдени-концептуалдық сипаты көп салалы талдауға түсуде. Түлдік бүрліктерді ұлт тарихымен, мәдениетімен, рухани құндылықтарымен, дүниетанымымен бүрлікте қарастыру арқылы ғана, ұлттық түлдің табиғатын шынайы танып білуге болады.

Түлдегі фразеологизмдер табиғатынан ұлт мәдениетінің бүкіл болмысының поэтикалық образды суретін көруге болады. Қандай да бір этностың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын, тұрмыс-түршілігін сондай-ақ этностың менталдық ерекшелігін көрсететін бүрден-бүр бүрлік – фразеологизмдер.

Қазақ және қырғыз түл бүлүмінде соңғы уақыттардағы лингвомәдениеттанымдық аспектідегі зерттеу жұмыстары түлдегі ұлттық сипатты, ұлттық дүлді, ұлттық танымды, ұлттық рухты тануға, танытуға негүзделген. Түркі түлдері семьясындағы өзара туыстас қазақ және қырғыз түлдерінің түлдік, ұлттық мәдени ерекшеліктерін фразеологизмдер табиғатынан олардың бүр-бүрне ұқсастығы немесе бүр-бүрнен айырмашылығын көруге, сондай-ақ ұлттық құндылықтардың түлдік иерархияларын тереңірек түсінуге болады. Түл бүлүмінде қазақ-қырғыз түлдерін салыстырмалы зерттеулерге қатысты ғылыми еңбектер баршылық, алайда шешімдер таппаған мәселелер де жеткілікті. Осындай түйінді мәселелердің бүрне қазақ және қырғыз түлдеріндегі фразеологизмдерді қазіргі түл бүлүміннің жаңа бағыттары мен ұстанымдары аясында салыстыра зерттеу үсін жатқызуға болады.

Жер шарындағы әрбір этнос өзіндік тіл мен белгілі бір мәдениеттің тұтынушысы болып табылады. Этнос тілі мен мәдениеті арқылы қоршаған орта мен ақиқат әлемде өзіндік орнын айқындайды. Сондай-ақ белгілі бір тілде сөйлейтін этностың мәдени ұлттық құндылықтары тілі арқылы көрінеді. Этносқа тән салт-дәстүрі белгілі бір тарихи кезеңнің жағдайларына сәйкес туындап, өзінің даму процесінде әр алуан өзгерістерге ұшырап отыруы табиғи құбылыс. Қазақ-қырғыз этностары өзге этностар секілді санғасырлық тарихи жолында, атадан балаға салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетаным менненімісіндерін, тілі мен рухани құндылықтарын мұра етіп қалдырып отырған. Қазақ-қырғыз халықтарының ұлттық дәстүрі мен дүниетанымы тілдегі фразеологизмдердің қолданысы мен мағыналық иерархияларынан анық көрінеді. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан атауларынан жасалған фразеологиялық тіркестердің қолданысы аясы мен

мағыналық мазмұны бір-біріне сәйкес келеді. Мәселен, қазақ-қырғыз тілдеріндегі “бір” саны арқылы жасалған фразеологизмдерге *бір айтқаныңды, екі айтқызады // бирайтасыңбы, экиайтасыңбы; бір ашуыңды (маған) бер // бир ачууңду бер; бір аяғы жерде, бір аяғы көрде // бир аяғы (буту) көктө, бир аяғы (буту) жерде; бір бозарып, бір қызару // бир бозорун, бир қызаруу; бір басы екеу болу // бир башы эки болуу; бір жагадан бас, бір жеңнен қол шығару // бир жакадан баш, бир жеңден кол чығаруу, т.б.* деген бейнелі тіркестердің қолданысы екі тілге де ортақ. Бұл жерде “бір” саны екі тілде де абстракттылы мәндегі қолданысқа ие. Аталған бейнелі тіркестердің мағыналық мазмұнымен қолданысына қарап, “бір” санының нақтылы сандық ұғымды емес, абстракттылы жалпылық пен бүтіндікті білдіретіндігі қазақ-қырғыз тілдерінің дүниетанымдық ортақтығымен этномәдениетінің сабақтас екендігін көрсетеді. Алайда “бір” саны арқылы жасалған фразеологиялық тіркестердің барлығы екі тілде түгелдей дерлік сәйкес келеді деп кесіп айтуға болмайды. Қазақ-қырғыз тілдерінде де “бір” саны арқылы жасалған бір-біріне мағыналық-мазмұндық тұрғыдан сәйкес келмейтін тұрақты тіркестерде баршылық. Мәселен, қазақ тіліндегі *бір ұрты май, бір ұрты қан; біреудің қаңсығы, біреудің таңсығы; бір есік, бір тесік заман*, т.б., ал, қырғыз тілдеріндегі *бир көзүнөн кан, бир көзүнөн жаш алуу; бир үнү көктө, бир уну жерде; бир бороондук алы жок*, т.б. тұрақты тіркестерді екі тілде бірдей қолданады деп айтуға келмейді. Аталған фразеологиялық бірліктердің екі тілдегі жалпылама мағынасы түсінікті болғанымен, қолданысы бірдей емес. Қазақ-қырғыз этностарының өкілдері әрбіреуі өз тілдерінде сөйлесе де, ортақ тіл табыса алатындығы ағайындас екі этностың этномәдени әлемінің сәйкестігімен байланыстыруға болады.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сандық атаулар тірек болған фразеологизмдер өте көп. Олардың қолданысы аясы мен мағыналық-мазмұны, сан астарындағы магиялық сипаты, санға қатысты салт-дәстүрлерде екі тілде бірдей кездесе береді. Ал бұл дегеніміз екі этностың ұлттық-мәдени-танымдық әлемінің өзара сабақтастығын көрсетеді. Яғни туыстас тілдерді салыстыра зерттеудің нәтижесінде, тіл арқылы ел тануға, сондай-ақ бауырлас елдерді бір-біріне жақындатуға болады. Әсіресе фразеология саласында бұл бағыттың орны ерекше көзге түседі. Себебі, әр тілдің фразеологиялық бірлік астарында халық өмірі, мәдениеті, дүниетанымдық әлемі, ұлттық құндылығы құндақталып жататындығы сөзсіз. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан атаулары арқылы жасалған фразео-

логизмдер мағынасында елтану мүмкіндіктерінің қабысып жататындығы белгілі. Бұған әйгілі философ Пифагордың “дүние – саннан тұрады” деген қағидасы бұл ойымызды тіпті айшықтай түседі. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан, уақыт және кеңістіктегі өлшем бейнесіне қатысты фразеологиялық бірліктерді лингвофилософиялық тұрғыдан кең көлемде қарастыруға болады. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан атауларының метрикалық өлшемдермен, абстрактылы ұғымдармен жарыса қолданылуы, этникалық сан атаулары арқылы жасалған фразеологизмдердің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетеді. Мәселен этномәдени концептілік мазмұны күшті бірліктерге негізделген сан атаулары арқылы жасалған қазақ-қырғыз тілдеріндегі фразеологиялық тіркестерді жеке-жеке санамалап шығуға болады. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі “екі” саны арқылы жасалған фразеологиялық тіркестерге *екі жарты, бір бүтін болу // эки бакыр, бир тукур болу; екі аяғын бір етікке тығу // эки бутун бир кончунa сыйдыруу; екі дүниеде риза болу // эки дүйнөдө ыраазы; екі көзі төрт болу // эки козу торт болуу, т.б.* жатқызуға болады. Қазақ-қырғыз тілдерінде “екі” саны тірек болған тұрақты тіркестер сандық-сапалық жағынан да екі тілде өте көптеп кездеседі. Сол секілді “үш” саны тірек болған тұрақты тіркестерге қазақ тілінде *үш күндік пәни; үш қайнаса сорпасы қосылмайды; үш мүйіз болды; үш тоғыз; үш ұйықтас ойда жоқ // үш ұйықтаса түсіне енбеген* секілді бейнелі тіркестер кездессе, қырғыз тілінде *уч уктаса түшико кирбеген; үч уктасo түшитө жок* секілді тіркестердің қолданысы екі тілде де ортақ ұғымды білдіреді. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі “үш” саны тірек болған фразеологизмдер аса көп болмағанымен, екі тілдегі “үш” санының магиялық сипаты, мәдени кеңістіктегі орны ерекше болып табылады. Яғни, ағайындас екі тілде де “үш” санымен сабақтас әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, жыл маусымы, ай аттары, көптеген құбылыстар атауы мен жер-су аттары жиі кездеседі.

Қазақ-қырғыз тұлдарындағы сан атауларына қатысты фразеологизмдердің табиғатының ерекшелігі сол екі тұлде де сан атаулары тірек болған тұрақты тіркестер бүр мен он санының аралығына негүзделеді. Одан кейінгі ондықтар мен жүздүктер, мыңдықтар аралығындағы сандық ұғымдарға қатысты фразеологизмдер мүлде жоқ емес, алайда көп те емес. Қазақ-қырғыз халықтарының сандық жүйесі, санға негүзделген өлшем атаулары тұтастай бүр-бүрмен сәйкес келеді. Сондықтан болар ағайындас екі тұл-

де сан атаулары арқылы жасалған абстрактылы ұғымдарды бүлдүретүн тұрақты тіркестер көптеп кездеседі.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі “төрт” санына қатысты тұрақты тіркестерге *төрт көзі түгел // торт козу түгөл; төрт жағы құбыла // торт тарaby кыбыла; төрт түлік // торт түлук; төрт тұрманы түгел сай // торт тулуғу шай; төрт аяғы төрт жақта қалды // торт шыйрағы өлбөгөн жерде калуу* т.б. деген бейнелі сөздерді жатқызуға болады. “Бес” саны ұйытқы болған қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерге *бесаспабы сайлаулы; бес биенің сабасындай; бес саусақтай білді; бес тиынға тұрмады* деген тіркестер кездессе, қырғыз тілінде *бешипен белгилүү* деген тіркестер кездеседі.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан атаулары тірек болған тұрақты тіркестердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін және этномәдени табиғатын, сондай-ақ олардың қолданыс аясындағы этномәдени аспектісі мен уәжділік сипатын айқындау арқылы екі этностың нақтылық пен жалпылыққа қатысты ұлттық-мәдени-танымдық түсініктерін тануға болады. Сондай-ақ қазақ қырғыз тілдеріндегі “онға” дейінгі фразеологиялық бірліктер арқылы жасалған тіркестерді былайша санамалап шығуға болады. “Алты” саны тірек болған қазақ тіліндегі фразеологизмдерге *алтау ала болса; алты аласы, бес бересі; алты арыс; алты батпан; алты қабат аспанның (қырдың) ар жағында; алты малта ас болмай, т.б.* тіркестер жатса, қырғыз тілінде *алты сан; алты саны аман* деген тіркестерді жатқызуға болады.

Түркі халықтары жалпы жер бетін мекен еткен халықтардың көпшілігі есте жоқ ерте замандардан бері “жеті” санын керемет құрмет тұтқан. “Жеті” санын киелі, қасиетті деп санап, оның бойында үлкен сиқырлы күш бар деп түсінетін этностар өте көп. Түркі халықтарының ішіндегі қазақ-қырғыз этностары да “жеті” санын киелі санап, көптеген дүниетанымдық түсініктер мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен қоғамдық жүйелерді “жеті” санымен атайды. Қазақ-қырғыз тілдерінде “жеті” санына қатысты көптеген фразеологиялық бірліктер қалыптасқан. Мәселен қазақ тілінде, *жеті ата; жеті ата жау; жеті ата, жеті түптен бері қарай; жеті атасына бітпеген; жеті атасынан түк көрмеген; жеті атасын білмеген мұрт (құл); жеті атасын (мал) өлтірген; жеті басты дәу; жеті бүзірік (мүдірік) әулие; жеті ғалам // жеті ғылым ықылым) ел; жеті дария; жеті дуан ел; жеті дұспан; жеті жұрт; жеті жұртқа әйгілі; жеті кентті құртты; жеті қабат тау үсті; жеті қазына; жеті қараңғы түн; жеті нан құдайы //*

*жеті тиын садақа // жеті тиын нәзір; жеті насырым жерге кіріп, бетімнің суы төгіліп; жеті тылсым; жеті шәріп*, т.б. көптеген бейнелі тіркестер қалыптасса, қырғыз тілінде жеті ата; жеті атандын боорун же!; жеті атасын калтыр-боо; жеті атасын таанытуу; жеті атасын көзүнө көргөзүү; жеті қаңтары бар; жеті омурткасы жерге кируу; жеті өлүп жерде калсам; жеті өмуру жерге кируу; жеті омурткасы жерге кируу; жеті омуру жер тартуу; жеті сан; жеті түндө; жеті шумдуктуу, т.б. образды тіркестер екі тілдегі қолданысы мен ішкі мағыналық иірімдері бір-біріне сәйкес келетіндігін байқауға болады. Қазақ-қырғыз халықтарының дүниетанымындағы “жеті” киелі сандардың бірі ретінде қалыптасып, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында өзіндік ерекше орын алады. Жалпы қазақ-қырғыз халықтарының этномәдениетіндегі “жеті” саны арқылы қалыптасқан фразеологизмдер уақыт пен кеңістіктегі кездескен нысандар сипатының бастапқы болмысын табиғи күйінде ұғынып түсінгендігі деп қабылдауға болады. Түркі тектес этностар қоршаған орта мен табиғат құбылыстарындағы түрлі құбылыстарды тіл арқылы бейнелеуде күнделікті өмір сүру жағдайымен етене байланыста қараған.

Қазақ-қырғыз халықтары этномәдени өмірінде “сегіз” саны арқылы біршама тұрақты тіркестер қалыптасқан. “Сегіз” саны қазақ-қырғыз халықтары дүниетанымында өзіндік орны бар сандық бірлік. Қазақ-қырғыз халықтары этномәдениетінде “сегіз” санының қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер өзге сандық жүйелермен салыстырғанда аса көп емес. Алайда қазақ-қырғыз тілдерінде *сегіз бейіш (ұжмақ, жұмақ, ұшпақ); сегіз кессе, сіркедей қан шықпайды; сегіз қиыр шартарап; сегіз қырлы, бір сырлы; сегіз таңбалы; сегіз оғыз*, т.б. деген бейнелі сөз тіркестері қолданыста бар.

Жалпы түлдегі “сегіз” саны көптеген түркі халықтарының этномәдени әлемінде толыққандылық, байлық, жетілгендік мағыналарының символы ретінде қолданылады. Мәселен, түркімен түлүндегі *секіз көше олмақ* түркесу “шалқып, қалқу”, кабардин-балқар түлүндегі *сегіз ийнек асурма да, семиз ийнек асура* түркесу “сегіз сиыр асырағанша, семіз сиыр асыра” деген мәнде қолданылады.

Қазақ-қырғыз түлдеріндегі “тоғыз” саны ертеден қалыптасқан салт-дәстүрлеріне де түрек болған. Қазақ-қырғыз этностары үшіндегі бұр рудың екүнші руға, бұр күсүннің екүнші күсуге төлейтүн сыйлығының, немесе айыбының көлемі “бұр тоғыз”, “үш тоғыз”, “тоғыз тоғыз” болып

келуі ағайындас этностардың мәдениетіндегі “тоғыз” санының маңызын көрсетсе керек.

“Тоғыз” саны тірек болған қазақ-қырғыз тілдеріндегі фразеологизмдерге *тоғыз тұрып, тоқсан толғанды; тоғыз айып тартты; тоғыз жолдың торабы; тоғыз көзді кіреуке; тоғыз қатынның толғағы қатар келді; тоғыз қырлы, тоқсан (бір) сырлы; // тоғыз жолдун тоому; тоғыз толғонуу; тоғыз толгоо бир келуу*, т.б. секілді бейнелі сөз образдарын жатқызуға болады. “Тоғыз” саны арқылы жасалған қазақ-қырғыз тілдеріндегі тұрақты тіркестердің мағыналық мазмұны екі тілде де бір біріне сәйкес келеді. Сонымен “тоғыз” саны ұйытқы болған қазақ-қырғыз тілдеріндегі фразеологизмдердің мағыналық мазмұны мен беретін ұғымдары өзіндік концептілік мәнге ие болады. Яғни, қазақ-қырғыз тілдеріндегі “тоғыз” саны арқылы жасалған тұрақты тіркестер аталған екі этностың сандық негізге құрылған дүниені танып, ол туралы білімді жинақтап, қорытып тіркесті тізбектер негізінде түсіндіруі этнос мәдениетінің өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Әлем тілдеріндегі сондай-ақ қазақ-қырғыз тілдеріндегі сандық атаулардан жасалған бірліктердің мағыналық-мазмұны мен беретін ұғымы когнитивтік жүйеде өзіндік орны бар концептілерді түзуге қатысады. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі “он” саны концептілік мәні басым сандардың санатына жатпаса да, өзіндік мазмұны басым, фразеологиялық қолданысқа ие сандар қатарына жатады. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі “он” саны тірек болған фразеологиялық тіркестер көбінесе біртұтастықтың образы ретінде қабылданады. “Он” саны тірек болған фразеологизмдерге *он саусағынан өнері тамған; он сан; он сан ноғай; он саусағындай біледі; // он гүлүнүн бири ачыла элек; он толғонуу; он уктаса түшүнө кирбеген*, т.б. тіркестерді жатқызуға болады. “Он” саны тірек болған қазақ-қырғыз тілдеріндегі фразеологизмдердің символикалық мәні дүние құбылыстарының тұтастығымен, бірегейлігімен байланысты.

Қазақ-қырғыз халықтарының сөйлеу тілі мен фразеологиялық бірліктеріне көңіл бөліп, олардың мазмұн-межесіне тереңірек үңілу арқылы аталған этностардың өткен тарихы мен мәдениетін, дүниетанымы мен ақиқат әлемді қабылдау ерекшелігінің салыстыра қарастырудың негізінде этномәдени ерекшеліктерін байқауға болады. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан атаулары арқылы жасалған фразеологиялық бірліктер сөздік құрамның қомақты бір бөлігін құрайды. Бауырлас екі этностың сан атаулары арқылы жасалған фразео-

логизмдерінде ұлттық мәдениет пен дүниетаным негізінде қалыптасқан поэтикалық образды сөздердің, этномәдениетте өзіндік ізі бар екендігін анық көз жеткізуге болады. Сан атаулары тірек болған фразеологизмдер екі халықтың тілінде де беретін ұғымдары мен мағыналық-мазмұны, қолданыс аясының өзара сәйкес келетіндігі этномәдени кеңістігінің ұқсас екендігін байқауға болады.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан атаулары тірек болған, бірліктер негізінде жасалған фразеологизмдерге қатысты салыстырмалы зерттеулерімізді, қазақ ауыз әдебиетіндегі бірліктерге қатысты “*Бір* дегенім – білеу, *екі* дегенім – егеу, *үш* дегенім – үскі, *төрт* дегенім – төсек, *бес* дегенім – бесік, *алты* дегенім – асық, *жеті* дегенім – желке, *сегіз* дегенім – серке, *тоғыз* дегенім – торқа, *он* дегенім – оймақ, *он бір* – кара жұмбақ” – деп, келетін жыр шумақтарымен екі тілдегі фразеологиялық салыстырмалы этюдтымызды түйіндегіміз келеді. Жоғарыда салыстырмалы түрде көрсетілген екі тілдегі сан атаулары тірек болған фразеологизмдердің жайдан жай қалыптаспағаны белгілі. Кейінгі кездегі лингвомәдени бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулер осындай сырлы әлемді ашуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Жалпы “сан дегенүміз – заттың бүртектү бөлүктерге бөлуге (реалды немесе ойша) және осы бөлүктердү қайта қосуға болатындығын бүлдүретүгүн оның айқындамасы” деген Аристотельден бастаған түсүнүк, сандық категориясын күнү бүгүнге дейүн анықтайды. Сандық айқындылық заттардың бөлшектүк сипаты көптүк ұғымында есептеледү, ал тұтастық сипаты көлемдүк қалпында өлшенедү, мөлшерленедү.

Бөлшектүк сандық, айқындылық сандық категория тұлғасында көрүнсе, тұтастық сандық ұғым сапа-сындық қасиеттердү мөлшерлүк тұлғасында көрүнүс табады. Олай болса, болмыстың әрбүр өзгеше формасы, ол – өлшем екен. Демек, өлшем – даму процесүнде сапаның бұрынғы қалпын қайтадан орнықтыру емес, сол сапаның сандық өзгерүстердегү толыса өзгерген

дәрежесү. Сонымен, Гегельдүң анықтауынша “өлшем дегенүміз сапаның анықталған саны, өлшемү бәрүннен де бұрын тұрмыс-түршүлүктүң аясында анықталған сандар, мөлшерлер, межелер, шамалар жүйесү” – дегендү айтады [1-3]. Сондай-ақ, әлем әдебиетгүнүң белдү өкүлү Гегенүң “сандар әлемдү басқармайды, бұрақ қалай басқару керектүгүн үйретедү”, – деген пүкүрүннен әр санның астары мен тұлдүк қолданысында үлкен сыр бар екендүгүн байқауға болады.

Сонымен қазақ-қырғыз тұлдерүндегү сан атаулары арқылы жасалған фразеологизмдердүң табиғатынан бауырлас елдердүң ұлттық-мәдени танымдық кеңүстүгүндегү лингвоелтану, этнолингвистика, лингвокогнитологиялық табиғатын көрсетуге тырыстық. Сондай-ақ кез-келген этностың ойлау жүйесү оның ұлттық тұлүнде көрүнүс табады. Қазақ және қырғыз тұлдерүндегү сан атаулары түрек болған фразеологизмдердүң жасалу жолдары мен мағына жағынан бүр-бүрүне ұқсас немесе дәлме-дәл келетүн тұстарының өте көп екендүгүне көз жеткүздүк.

Екү тұлдегү сан атаулары түрек болған фразеологизмдердүң ұқсастығы, өзара жақындығы бауырлас этностардың мәдени кеңүстүгүндегү заңдылықтар мен тарихи өмүрүнүң өзара тығыз байланысты екендүгүн көрсетедү. Яғни қазақ және қырғыз халқының түп тамырының бүр негүзден тарағанын, тарихи мәдени өмүрүнүң тығыз қарым-қатынаста болғанын, араларында генетикалық байланыстың берүк орныққандығы мен рухани мәдениет пен ойлау жүйесүнүң өзара сәйкес екендүгүн көрсетедү.

#### **Пайдаланған әдебиеттер түзүмү:**

1. Гегель Г. Наука логики. – М.: Наука, 1984. 351 с.
2. Кеңесбаев Ү. Фразеологиялық сөздүк. – Алматы: Арыс, 2007. 800 б.
3. “Түркү тұлдерү сөздүктерүн жасаудың ғылыми-әдүстемелүк ұстанымдары” атты үргелү және қолданбалы зерттеу жобасының материалдары. Астана, 2011.